

Қолданылған
8 06 900
10/1

Баяндама

Тақырып: «Әдеп және мәдениет»

Дайындаған: А.Н.Сарсенкулова

2024жыл

«Әдеп және мәдениет»

«Педагогика теориясын қаншама жетік білгенмен,
педагогикалық әдептің қыр-сырын меңгермейінше,
педагог ұстаздық шеберлікке қолы жетпейді»

К.Д. Ушинский.

«Әдеп»сөзі(латынша) «жұғысу», «адамдар арақатынасының түрі» мағынасында қолданылады. Әдеп-белгілі бір халықтың қалыптасқан этикалық тәртібі.

Педагогикалық әдеп-оқытушының аса бағалы педагогтық қасиеті,бұл қасиет оған педагогикалық әсер ету құралдарын қолданған кезде өз эмоцияларын білдіру шамасын көрсетеді.Мұғалім сахнадағы актер сияқты әрқашан көз алдында жүреді.

Қарым-қатынас тұрғысынан педагогтық әдеп мұғалімнің жан-жақтылығын, идеялық сенімнің, жүріс-тұрыс мәдениетінің, арнаулы білімінің, мамандығына байланысты ізденіс жолдарының қоры, яғни ақыл-ойының көрінісі.

Әдеп-адамдардың өзара жақсы қарым-қатынас жасауына қажетті жағдай. Балаларды оқыту мен тәрбиелеу ісінде жалпы әдеп атаулыны педагогикаға пайдаланудың өзі педагогтық әдеп болып есептеледі.Әдетте, әдепті адамдарды олардың кішіпейілдік, басқаны түсіне білушілік, жылы шырайлылық, байсалдылық, ұстамдылық, байсалдылық, әзілшектік сияқты, мінез-құлық белгілеріне қарап тануға болады екен. Мұндай айрықша белгілер әдепті мұғалімнің бойында да болуы тиіс.

Педагог ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, мұғалім мәдениеті мен шеберлігі, интеллект деңгейін төмендегідей бөліктермен анықтауға болады.

1.Мұғалімнің сыртқы келбеті мәдениеті:

2.Мұғалімнің өзін-өзі басқару шеберлігі:

3.Мұғалімнің мимика және пантомимо ишараларын (жест) мәнерлі негіздері:

4.Мұғалімнің мәдениеті, әдеби сөйлеу шеберлігі, шешендік қасиеті, демалу, дауысдикциясы, интонациясы.

Мұғалімнің сыртқы келбеті-дегеніміз не?

Мұғалім үнемі классикалық үлгіде киіну керек. Ақ кофта, оның жағасы болуы керек, кара немесе көк түстегі юбка. Ақ кофтанын сыртынан жакет киюге болады. Егер жағасы жоқ кофта болса сыртынан пиджак киген дұрыс. Кофталардың кеудесі катты ашық болуға болмайды. Жылтыр тастары бар түрлі-түсті футболкалар киюге қатаң тыйым салынады. Юбканың ұзындығы тізеден немесе тізеден аздап түсіп тұры тиіс. Шаштары ұзын болса үнемі жыйналып, самай шаштары шығып тұрмағаны дұрыс. Қысқа болса әдемі қыйылған болу керек.

Аяққа туфли өте биік қажет емес. Жұмысқа келгенде екінші аяқ киім болу міндетті. Туфли тандағанда алды, арты, жабықтығын ескеру керек. Сабақ кезінде, педсоветке барғанда, баяндама оқығанда аяққа (телесный) ашық қоңыр түстегі колготки кию қажет. Тырнаққа да көңіл бөлген жөн. Үнемі маникюр жасалып, боялып тұрса әдемі көрінеді. (онда да өте қанық түс болмайды.)

Ал егерде тырнағы дұрыс алынбай, оның үстіне жаққан бояуы жарым жартылай, алақ-жалақ болса, ол өзгелер тұрсын өз-өзін мүлдем сыйламайтын педагог ретінде саналады. Ата-ана келгенде әдемі болып шығу керек. Осы қарапайым ғана ережелерді сақтасандар сендерге құрметпен қарайтын болады. Болашақ ұрпақ бізге қарап бой түзейтін болады.

2. Мұғалімнің өзін-өзі басқару шеберлігі.

Педагогикалық шеберлік-тек қана мұғалімнің жалпы, жан-жақты және әдісдемелік сауаттылығы ғана емес, ол-әр-сөзді балаларға жеткізе білу.

Ұстаздық шеберлік:

1. Педагогтың өмірге көзқарасы, оның идеялық нанымды, моральды бойына сіңірген адам екендігі:

2. Өз жұмысын жетік білген, ойын толық жеткізетін және оқушылардың бойында әдеп, әдет, дағды сияқты моралдық нормалады сіңіре білгендігі:

Оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін меңгерген білгенін қызықты қылып өткізе алатын, педагогикалық әдеп пен талантын ұштастырған адам ғана шеберлікке ие болады.

Педагогикалық шеберлікте педагогикалық техникаға мән беріледі. Педагог әр сөзін дұрыс сөйлеп, нық айтуы тиіс, оның жүріс-тұрысы, қозғалысы, отырып-тұруы балаларға ерсі болмайтындай дәрежеде болуы керек. Сөйлегенде сөздің дұрыстығына көңіл бөлген жөн. Әдепті және қарым-қатынас мәдениетінің негізгі талаптарын білу педагогтың өзіне де, өзі оқытып, тәрбиелеп жатқан балаларға да қажетті. Әр баланың бойындағы басқаға ұқсамайтын қабілетерін байқап, оны аша білу мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне де байланысты.

Шебер педагог болмай тұрып, әдепті педагог болмақ жоқ. Шебер мұғалім тапсырма, әр түрлі ырғақпен, әр түрлі көңіл-күймен өткізе алады. Сонымен қатар ынталандыру, жазалау және мадақтау тәсілдерін пайдалана отырып, педагог әр балаға қатысты ерекше әдепті болуы тиіс.

Жаза қолдану кезінде тәрбиеленушіге құрмет пен талапты біркелкі қоя білу өте маңызды. Бала қылығына ренжуге, әсіресе бар ашуды баладан алуға, жеке басын қорлауға жол берілмеу керек. Кәсіби этика әріптестерімен және басқа адамдармен түрлі жағдайларда, ресми және бейресми қарым-қатынастар барысында көрінетін маманның жалпы мәдениеті жоғары болуын көздейді. Демек педагогтың өмірінде қарым-қатынас мәдениеті ерекше рөл атқарады.

3. Мұғалімнің мимика және пантомимо ишараларын (жест) мәнерлі негіздері.

Педагогикалық техника – педагогтың бойындағы тәрбиеленушілерге ықпал жасайтын икемділіктер кешені. Дұрыс және мәнерлі сөйлеу икемділігі, жест және мимиканы, пантомимиканы қолдана білу икемділігі, өзінің психикалық жағдайын-сезімдерін, көңіл-күйін-басқара алу икемділігі өзін-өзі сырттай көре алу икемділігі. Сөйлеу кезінде қолыңызды аяқастырмаңыз, аудиторияға бетіңізбен бұрылып тұрыңыз, араларыңыздағы қашықтық үлкен болмау керек сөйлеу кезінде оңға, солға емес алдыға артқа қозғалған дұрыс.

тәрбиеленушілермен қарым-қатыста тілдесуді «тік», жоғарыдан төмен қарай емес (педагог баладан биік) керісінше, «көлденен» (педагог пен бала бірдей) дәрежесінде ұйымдастырған жөн. Қарым-қатынас жасаудың стратегиясы мен әдіс, жолдарын ойластырып алыңыз, баланың санасы мен мінез құлқына ықпал ететін әдістерді тандаңыз.

А.С. Макаренко «Мен» тек «бері кел» деген сөздерді 15-20 түрлі ренмен айта білгенде, бет әлпетінің, тұрған тұрысымның, даусымның 20 түрлі қылып өзгертуді үйренген кезде ғана өзімді нағыз шебер деп есептей бастадым. Бірақ, маған біреу осыдан кейін келмесе де не керек екенін сезбесе де мен қорыққан жоқпын»-деп жазған болатын.

4. Мұғалімнің мәдениеті, әдеби сөйлеу шеберлігі, шешендік қасиеті, демалу, дауысдикциясы, интонациясы.

Мұғалім жұмысында педагогтік әдеп сақталмайынша оқышылармен тіл табысу мүмкін емес, ал оқышылардың тілін таппайынша оқу-тәрбие үрдісінде ілгерілеу жоқ. Дауыс көтеру, жазықсыз жазғыру, әділ қойылмаған баға ғана емес, мұғалімдер көзге ілмей, өтініштерін құлықсыз, жүрдім-бардым тыңдаса, ренжіп қалады.

Мұғалім оқышыларға жаңа материалдарды түсіндірумен қатар оларға назар аудару білуі керек. Өткені мұғалімдер тарапынан оқышыларға ілтипат болмаса, олардың араларына жарықшак сызат түсет. Сабырлық, өзін-өзі ұстай білушілік сияқты қасиеттер ұстаздың белсенді құрамы болуы тиіс. Сондықтан ұстаздық қызметте қажетті негізгі дағдылар мен іскерліктер, ұйымдастырушылық шеберлік қажет.

«Ақырын жүріп анық бас, Еңбегің кетпес далаға, Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға»-деп Абай атамыз айтқандай ұстаз үшін кәсібі шеберлікке жету, бір күнде пайда болатын дүние еместігін біз жақсы түсінеміз және өмір бойы ізденушілікті, зерттеушілікті талап ететін мамандық екенін аңғарғанда ғана толық нәтижеге жетуге болады.

Мақрыбы: «Әдеп және мәдениет»



Дайындаған: Сарсенкулова А.Ж

2024 жыл